



«Менің жақындарымның Тылдағы батырлық еңбегі және Ұлы Отан соғысының Жеңісіне қосқан үлесі»
1941-1945 жж


«Ұрпаққа ұран болған Ұлы ерлік»
республикалық интернет-байқауы

«Тұған өлкемнің батыры» -
презентациялар байқауы.

Жетекшісі
Қошыманова
Салтанат



"Өкпелі" орта мектебі
ШҚО, Үштөбе ауылы
Тарбағатай ауданы



Нүрекешов Қошыман



Қанды, сұрапыл соғыстың куәсі болған, Отанымыздың әрбір тасын қорғауға арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған атамыз Нүрекешов Қошыман Нүрекешұлы 1922 жылы Ақжайлау колхозында дүниеге келген. Нүрекештің тұңғыш баласы. 1941 жылы 19 жасында соғысқа аттанады. Қанды қырғын, оттың астында жүріп атамыз жаудың сазайын беріп жүреді. Бірде алғы шептегі адамдар «Алға» деп жүгіргенде судың ішіндегі көптеген миналар жарылып, бірнеше солдат жер құшып, жараланады. Солардың ішінде Қошыман ата да болған екен. Ол кісі бір аяғынан айырылады. Сол кездегі қасындағы жерлесі Ақсуат ауылының тұрғыны Асқарғали деген жолдасы шинелге орап алып шыққан екен. Қошыман ата өле-өлгенше сол кісіні аузынан тастамай, риза болып отыратын –дейді зайыбы Нұрбәтiш апа. 1944 жылы екінші топтағы мүгедек болып елге оралады. I-дәрежелі Ұлы Отан соғысының мүгедегі, I дәрежелі Ұлы Отан соғысының «Қызыл жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Жасанды аяқ / протез/ киген жоқ. Үш ашалы ағаштан өзі қолдан жасап, жан-жағына айылбас, жұмсақтау бау тағып, соны киіп жүрді. Тайып кетпес үшін оның ұшына үшкір шеге қағып алды. Осы «аяғына» өзі тез үйреніп кетті, атқа еш қиналмай қарғып мініп, секіріп түседі екен. Атамыз қойдан босағанда қарап отырмай жүген, құйысқын, ноқта, қамшының түр-түрін өрген шебер адам болған. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, зейнеткерлікке 1982 жылы шыққан. 1996 жылы Үштөбе ауылында дүниеден өтті.



Қошыман атаның
медальдары мен
ордендері.



“Қызыл
жұлдыз”
орденінің
иегері.



І дәрежелі «Отан
соғысы» ордені.



1941-1945 жж
Германиямен
соғыстағы
Жеңісі үшін»
медаль





**Қошыман ата жанұясымен бірге 1978ж
Солдан оңға қарай: Қошыман
Нүрекешов алдында отырған немересі
Салтанат /қазір Үштөбе ауылында
тұрады/, Қошыман атаның жұбайы
Нұрбәтiш, алдында отырған немересі
Шалқар /қазір Семей қаласында
тұрады/, інісі Бақтығажы, келіні Рая,
ұлы Тұңғат /Үштөбе ауылында тұрады/,
ұлы Тоқаш /Жаңғызтөбеде әскери
қызметкер/**



**Бақтығажы атаның
соңғы фотосуреті. 1999 жыл.**



Нүрекешов Бақтығажы Нүрекешұлы

Нүрекешов Бақтығажы 1925 жылы Ақжайлау колхозында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының 1-топтағы мүгедегі. Соғыстан екі аяғынан бірдей айырылып 1945 жылы келген. Мүгедектігіне қарамастан атамыз еңбектен қалмаған. Колхоз кезінде әртүрлі жұмыстар атқарады. Қой қырқу кезінде мотор жүргізді, шөп шабу науқанында орақ қайрады. Жанармай, жағармайға иелік жасап, машина, тракторларға босатып тұрды. 1962 жылы Шымкент қаласына барып екі жылдық бухгалтерлік курсты оқып бітіріп, куәлік алып келеді. Совхозда, кейіннен «Ленин жолы» сегіз жылдық мектебінде есепшілік қызмет атқарады. Бақтығажы ата сауатты, мәдениетті, аузынан жаман сөз шықпайтын адам болған. Газет-журналдарды үзбей оқып отырған. Бақтығажы атамыздың еңбекқорлығы, адамгершілігі журналистер назарынан тыс қалмаған екен. Сол кездегі белді журналист, әрі ақын Нұрбек Сейілханов ағамыз «Ақсуаттың Мересьеві» деген көлемді очеркін облыстық «Семей таңы» газетіне жариялаған .

Бақтығажы атаның медальдары мен ордендері.



“Г.Н. Жуков”
медалінің
иегері.



I дәрежелі «Отан
соғысы» ордені.

Қошыманова Салтанат Тұңғ
"Өкпеті" орта мектебі



1941-1945 жж
Германиямен
соғыстағы
Жеңісі үшін»
медаль



“Қызыл
жұлдыз”
орденінің
иегері.



Елімнің тәуелсіздігі мен бақыты үшін
мұз жастанып, қар кешкен.

БАҚТЫҒАЖЫ АТА ҚАРУЛАСТАРЫМЕН
БІРГЕ БАХЧИСАРАЙДА. 1971 ЖЫЛ.



Бақтығажы ата

Севастополь қаласында. 1971 жыл.





Ардагер Бақтығажы атаны салтанатты түрде "Құрметті пионер" қатарына қабылдау үстінде. 1984 жыл.



Ұлы Отан соғысының ардагері Бақтығажы Нүрекешов. Қырымда. 1984 жыл



АРДАГЕР АҒАЛЫ ІНЛІ БАҚТЫҒАЖЫ АТА МЕН ҚОШМАН АТА. 1986 ЖЫЛ.

Ардагерлердің кездесуі, 1971 жыл



Бақтығажы атаның әскери билеті.



Бақтығажы атаға Соғыс ардагері
ретінде берілген Москвич
машинасы. 1987 жыл.



Бақтығажы атаның Қырымда
демалыс үйінде
болған кезі. 1976 жыл.



Ардагерлер қан майданда талай отты кештіңдер,
Жастық дәурен қызығы жоқ, азап тартып өстіңдер.
Жеңіс күнін көзбен көріп, тойлағаннан бері де.
Ширек ғасыр кейін қалды, естен кетпес ол күндер.
Отты күндер өтті, кетті, ал , ағалар қартайды,
Жылдар жылжып өткен сайын қатарлары ортайды.
Азаймасын дегенменен болмайды екен бұл тағдыр.
Азы қалып, көбі олардың мәңгілікке жантайды.